



**АСТАНА АКШАМЫ**

## «АЛАШ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫ

ХХ ғасырдың басы Ресей үшін ұлкен саяси өзгерістердің бастауына айналды. 1905-1907 жылдарғы тұңғыш буржуазиялық-демократиялық революция қазақ халқының саяси санасының оянуына, ұлт-азаттық қозғалыстың дами түсүне, қазақ қауымында да отарлық езгіге қарсы бағытталған әлеуметтік-саяси күштің қалыптасуына жол ашты. Ондай күш Алаш қозғалысы еді. Оның басында бірсыптарасы Ресейдің Санкт-Петербург, Мәскеу сияқты қалаларында оқыған, өз заманына сәйкес жоғары білім алған, озық ойлы Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай және т.б. сол кездегі қазақтың алдыңғы қатарлы зиялайлары болды. Олар Қазақстанда кеңес өкіметін құрғандардан қай жағынан болсын биік-тұғын.

Ал 1917 жылғы Ақпан революциясының патшалық монархияны тақтан түсіруі Алаш жетекшілерінің жігерін тасытып, рухын көтерді. Бұл оқиға қозғалыстың алдына жаңа міндеттер қойды. Содан қазақ өлкелерін жаппай шарпыған ұлт-азаттық күресті жаңа деңгейге шығаратын саяси ұйымның қажеттігі туды. Ондай құрылым 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында өткен бірінші Бүкілқазақтық съездің шешімімен дүниеге келген тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» саяси партиясы болған еді.

Қазақ қоғамының сол кездегі саяси ойының бірден-бір жарқын көрінісіндегі, халқымыздың төл тарихында терен із қалдырған «Алаш» сияқты партияның саяси-си сахнаға шығуы патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының терен дағдарысын көрсететін, сондай-ақ, қазақ қоғамын жаңа саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және рухани негізде қайта құрудың қажеттігін танытатын факторлар болатын. Оның бағдарламасының жобасы 1917 жылдың қараша айының 21-де «Қазақ» газетінде жарияланды. Ұлттық даму мен ұлттық тенденцияның үшін күрес идеясына суарылған, өзінің мазмұны мен саяси мәні жағынан бұрын-сондық қазақ тарихында болмаған бұл бағдарлама жобасы кейін Алашорда автономиясы мемлекеттігінің басты құжатына айналды.

Дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибелерін тиімді пайдалана отырып, бағдарлама авторлары тәуелсіздік жолын, демократиялық дамуды таңдайтындықтарын ашық айтты. Осыларды негіздейтін мемлекеттік-құқықтық идеяларды ұсынды. Бұл мәселелердің берін жаңа партия кеңестік қан-төгіс, таптық күрес жолымен емес, ұлттық бірлік негізінде, құрделі саяси реформа арқылы жүзеге асырмақ болды.

10 баптан тұратын қысқа ғана бағдарламада қазақ даласының өзекті мәселелері: сөз бен баспасөз бостандығы, жиналыс еркіндігі, тән құқықтық негізде білім беру, оку орындарында ана тілінде оқыту, дін ісінің мемлекет ісінен бөлектігі, билік пен сот, ел қорғау, салық, жерді сатпау және т.б. идеялар бар еді. Осылардың ішінен ұлттық мемлекетке қатысты кейір қағидалар туралы ойларымызды ортаға салсақ.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Мұны ерте түсінген Алаш кесемі Әлихан Бекейхан мұндан мемлекет дегенде қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай және сана-сезімін оята отырып, ортағасырлық әлеуметтік-экономикалық мешеуліктен алып шығатын Батыстық буржуазиялық қатынас жолын таңдағаны белгілі.

«Алаш» партиясының бағдарламасында ұлттық мемлекет туралы тікелей сөздер жок. Алайда, онда ұлттық мемлекетті басқарудың құрылымы мен сипатына байланысты бірнеше принципті қағидалар бар. Оны «Мемлекет қалпы» (мемлекеттік құрылым-Ә.Б.), «Жергілікті бостандық» және «Билік һәм сот» деп аталатын бірінші, екінші және бесінші тарау-лардан байқау қын емес.

Бағдарламаның «Мемлекет қалпы» атты алғашқы тарауында болашақ мемлекеттің құрылымы арнайы сөз болады. Ресей демократиялық, федеративтік республика болуы керек деген сөздерден басталып, одан ары демократияның мағынасы мемлекеттің жүрттың билеуі, федерацияның мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі, әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болып, әрқайсысы өз тізгінін өзі алғып жүреді деген сипатта түсініктеме беріледі. Осындағы тең, іргесі бөлек және өз тізгіні өзінде дегенде бағдарлама авторлары тәуелсіз мемлекетті мегзеп отыр. Ал тәуелсіздік сол елдің байырғы тұрғын халқының ұлттық мұддесіне қатысты екені белгілі.

Бағдарламада аса маңызды «Жергілікті бостандық» деген тараудағы өз тізгіндері өзінде болып біріккен қазақ облыстарының Ресей республикасы федерациясының бір бөлігі болуы, реті келсе, казақ автономия-сы сыйбайлар жүрттармен әзірге бірлесе отырып, реті келмесе, бірден-ак өз алдына жеке болуы сияқты ұсыныстар да көп нәрсені аңғартады. Осындағы «қазақ автономиясы» деген тағы да дербестікті, тәуелсіздікті танытып тұр.

Сонымен қатар «Алаш» партиясының негізін салушылар би, болыс, ауылнайлардың жүртқа пайдалы, жүрт үшін қызмет етуге ықыласты болуларына ерекше көніл бөлген. Бұл сонау антикалық заманның кеменгері Аристотельдің мемлекеттің дұрыс түріне әкімдер халық, ел пайдасын ойлаған, билік қоғамға қызмет істеген мемлекеттерді жатқызыған идеяларымен ұласып жатыр. Сондай-ак, бағдарламада жергілікті органдардың «таза қызметшілерін» халықтың қалауымен, яғни, сайланып қойылуы және олардың жергілікті халықтың тілін білуі, олардың құзіретіне кім болса да мойынұсынуы сияқты принципті мәселелер қарастырылған.

Ғылым мен білімге арналған бағдарлама тарауында бастауыш мектептерде оқудың ана тілінде жүргізуі алға тартылған. Қазақтың өз тілінде орта мектебінің, университетінің болуын құн тәртібіне қоя отырып, авторлардың оқу жүйесінің ұлттық ерекшеліктеріне ерекше көніл бөлуі біздердің бүтінгі құніміз үшін де ерекше өзекті екенін айта кетсек, артық болмас. Бұл, әсіресе, білім, ғылым басшыларының ағылшын тілінің қамқорын көбірек соғып, қазақ тілін бір айтуға уақыт таба алмай жүргендеріне тағылымды.

Бағдарламаларды оқи отырып, ондағы идеялардың терендігі мен молдығына таң қаласын. Алаш көсемдерінің сол кездегі адамзат тарихы мен мәдениетінің әлемдік қол жеткен әлеуметтік-саяси мұраларынан толық хабардар болғандары, тіпті, бүгінгі заман биігінен қаралғаның өзінде-ак айқын аңғарылады. Пікірімізге тағы бір дәйек келтіре кетейік. Бағдарламадағы Мемлекеттік Дума үкімет үстінен қарайды, оның ісіне бакылау жасайды деген ойлар мемлекетті басқаруда парламенттік-президенттік республика принциптеріне сәйкес келетін жаңаша көзқарастың нәтижелері болатын.

Алаш көсемдерінің қазақтың егеменді, тәуелсіз, «іргесі бөлек» ұлттық мемлекеттің құру турасындағы негізгі идеясы 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен Бірінші Бүкілқазақтардың съезінде жүзеге асты. Тоғыз құнға созылған съезд Автономия құру туралы шешімге келді. Оның атын «Алашорда» болсын деген қауулы қабылданды. Алаш автономиялық мемлекеттің уақытша Халықтық кеңесі құрылып, Ә.Бөкейхан соның төрағасы болып сайланды. Алайда, жаңа замандағы ұлттық мемлекеттің үлгісіндегі болған «Алашорда» автономиясы бар-жоғы екі-үш жылдай ғана өмір сүрді. Кеңестік тоталитарлық жүйе қазақ халқының азаттықты аңсаған идеяларының жемісіндегі болған Алашорда мекемелерін таратып тынды. 1919 жылы Алаш қайраткерлеріне саяси айламен кешірім жасалғанымен, кейін олар түгел дерлік әртүрлі қуғын-сүргінге ұшырап, қырып-жойылды.

Сөйтіп, қазақ әлеміне шок жүлдyzдай жарқырай шықкан Алаш жетекшілерінің талайының ғұмырын қифан асқақ арман, биік мақсат жүзеге аспай, 70 жыл Қазақстан көп

жағдайда патшалық Ресейдің жалғасы болған кеңестік Ресейдің құрамында болды. Сөйтіп, бергені аз емес, бірақ алғаны әлдеқайда көп болған кеңестік заманда Қазақстан Мәскеуге бағынған, өз тізгіні өзінде емес, өзін-өзі билей алмаған, принципті мәселелерін тек орталық шешетін тәуелді республикалардың біріне айналды. Ең негізгісі – қазақ қауымы адамзат қоғамының толыққанды мүшесі ретінде саяси ھәм рухани еркіндікте болмады. Сондықтан, Қазақстан мемлекет ретінде де, қазақ халқы ұлт есебінде де толыққанды қалыптас а алмады. Соның зардаптары қазіргі қунге дейін жалғасып, алға еркін жылжуымызға көп кедергі келтіріп отыр.

Құдайға шүкір, 1990 жылы тағдыр сыйлап елімізде азаттық таңы атты. Кезінде Ақпан революциясын «Қазақ» газетінің «киіз туырлықты қазақтың оң жағына ай, сол жағына құн туды» деп жазуының, Әлихан Бекейхан, Мұстафа Шокай, Міржакып Дулатұлының «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Құні кеше құл едік, енді бұ құн теңелдік. Қамкөңілде қая арман қалған жок» деулерінің шын реті енді келген еді.

Алайда, елең-алаңында ұлттық қайта түлеуге ұмтылу тәуелсіздікке жетуден ары ұзап кете алмады. Социалистік интернационализм идеясымен уланған санамыз Алаш арыстары аңсаған азаттықтың асқақ идеясымен батыл жаңғыртылмады. Мемлекетіміздің алғашқы құжаттары – егемендік туралы Декларация мен Тәуелсіздік туралы Конституциялық занда атап көрсетілгендей, ұлттық мемлекеттілікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданылады деген аса мәнді қағида көп ұзамай ұмытылды. Оның үстінен қоғамымызда орын алған таңдамай, талғамай Батысқа табыну факторлары кешегі қоғамдағы ұлтсыздық сананың қайта белен алуына жол ашты. Мұның барлығы белгілі дәрежеде ұлттық болмысымыздың құнгірт тартуына алып келді. Ресми қолданыстарда «қөпұлтты Қазақстан», «қазақстандық ұлт» деп мемлекет құраушы қазақ ұлтын, «ұлттық идея», «ұлттық мәдениет» пен «ұлттық идеология» сияқты ұғымдарды мойындағы бермеушілік және т.б. соның нәтижесі еді.

Меніңше, тағы бір аса маңызды мәселеге назарларынызды аудара кетсем деймін. Біз кейде Қазақстанның географиялық, тарихи жағдайларын ескере бермейтін сияқтымыз. Осы кезге дейін қазақтың көк әлеміне шыққан ұлыларымыздың қалыптасуын алып қарасак, атойлап тұратын мынадай факторды ескермеу мүмкін емес. Ұлы Абайдың әлемдік дәрежедегі рухани шыңға көтерілуі, оның өз халқының сан ғасырлық ұлттық құндылықтарын терең игеруінің, Батыс пен Шығыстың озық мәдениетін бойына сініре, үйлестіре білуінің арқасында ғана мүмкін болғаны белгілі. Мұндай мысалдарды жалғастыра беруге болады.

Кезінде Мұстафа Шокайдың «Батыс тәрбиесін алған зиялыштардың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып калуы еді» деп жазуы, «шығыс рухы» ұлттық рухымыз болуы керек екендігі туралы пікірлері де қазір құнсыз емес. Бұғінгі «Алаш» партиясының бағдарламасындағы «әділдікке жақ болу, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болу идеяларын толыққанды атқара алмай отырғанымыздың да түп төркіні осында жатыр. Қоғамда ұмтылыс бар, бірақ әзірше ұтылыс басымдау болып отыр.

Қазіргі Шығыстың қайта оянғанымен де санасу қажет. Әсілі, қазақ жалғыз Батыспен ұзакқа бара алмаса керек. Демократия тек Батыстан тарады, экономикадағы нарықтық қатынас бәрін шешеді деп ойлау – біржақты түсінік. Қазақтың да дала демократиясының тәлімді жағы аз болған жок. Нарықтық қатынас кедейліктен құтқаруға ықпал етеді, адамға игілік әкеледі деумен қатар жекеменшік психологиясының адамзат қоғамындағы сан түрлі қақтығыстар мен соғыстардың негізгі себептері болып отырғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Нарыққа көшкелі бері елімізде, бұрынғы посткеңестік кеңістікте қылмыстың бұрын-сонды болмаған түрлерін көріп, естіп жүрміз. Сол себепті де рухани дүниеге,

имандылыққа көбірек көңіл бөлетін Шығыстың болмысын, өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді терең танып-білу, оны мүмкіндігінше молырақ игеру жастарымыз үшін де, Еуразиялық қеңістікте орналасқан Қазақстанды отаным деп санайтын басқа этнос өкілдері үшін де аса қажет деп санаймыз. Ұлтым, отаным деп тынымсыз соғып тұрган жүргегі мен намысы бар, мүмкіндігінше Батыс пен Шығыстың рухани құндылықтарын терең игерген азамат қана қазір әлемдік деңгейден көріне алады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық сипаты басым болмай, еліміздегі халықтарды топтастырушылық рөл атқаруға тиісті осы аймақтың байырғы тұрғыны әрі иесі қазақтың шынайы бұл ұлттық идеясы жалпы қазақстандық деңгейге көтерілмейінше, алда тұрган аса зор міндеттерді шешу киын. Бұл мемлекеттік мәртебеге ие болғанына 20 жылдан акса да, тәуелсіз сананың қалыптаса алмауынан жоғары білімді қазақ жастарының көбісінің, облыс орталықтарында, ірі қалаларда, тіпті, қазақ мектептерін бітірген ұл-қыздарымыздың орыс тілінде сейлеуге икем болып тұруы да көп нәрсені аңғартса керек. Ана өз тілінде сөйлемей, баласы анасының тілінде сөйлемейді дегеннің көріністерін құнделікті өмірде аз кездестіріп жүрген жоқпыш. Бүгінгі дін ұстанып, мешітке барып жүрген жастарымыздың исламның ханафи бағытынан тайып, әртүрлі ағымдарға түсіп, бірсыныра қаракөздеріміздің түрлі шетелдік секталардың ығынан шыға алмай жүргендері жасырын емес. Бұлардың барлығы ұлтымызды ұйыстыра түсуге көптеген қындықтар келтіріп отыр.

Әркениетті елдер тәжірибесі алдымен мемлекет құраушы ұлттың идеяларын шешеді. Онсыз ол ұл елдегі басқа этностардың басын біріктірушілік сияқты қоғам үшін аса маңызды миссияны атқара алмайды. Бұл мемлекеттің ұлттық сипаты жағдайында ғана мүмкін бола алады. Бәлкім, мұны бұрынырақ айта беруге қиын да болған шығар, ал қазір қазақ өз жерінде қайтадан басымдыққа ие болып, 60 пайыздан еркін асып отырғанда, жалтақтамай айтуға әбден болады ғой деп есептеймін.

Қорыта келгенде, Алаш қозғалысының, оның саяси партиясының ұлттық мемлекет турасындағы идеясын оқып, білуіміз, оны тәуелсіз еліміздің мемлекеттілік ілімімен ұштастыра алуымыз қазіргі жаңа әлемде құрып жатқан жаңа Қазақстанымызды кемел келешекке жетелейтіні даусыз.